

ХАТТАМАСЫ
Сауда қызметі саласындағы кәсіптік біліктілік жөніндегі
Салалық кеңестің

Астана қ.

№ 2

2025 жылғы 5 қыркүйек
сырттай өткізілді

Төрағалық еткен: Ж.Т. Ажибаева – «Қазақстан сауда кәсіпорындарының қауымдастығы» ЗТБ президенті, төраға.

Хатшы: – А.Б. Рахметова Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Сауда комитетінің сауда қызметін үйлестіру және мемлекеттік қызметтер басқармасының бас сарапшысы, хатшы.

Қатысқандар: (тізім бойынша).

1. «Көтерме және бөлшек сауда қызметі» бағыты бойынша салалық біліктілік шеңбері жобасы туралы

1. Назарға алынсын:

1) Е. М. Амирханованың «Көтерме және бөлшек сауда саласындағы қызмет» бағыты бойынша салалық біліктілік шеңберінің әзірленген жобасы туралы ақпараты;

2) Ж. Т. Ажибаева, Ж. А. Нуркасова, А. Т. Жанкарина, Б. У. Байхожаева, М. М. Бошель, А. Е. Фролова, А.А. Утепбаева салалық біліктілік шеңбері жобасына қатысты оң пікірлерін;

3) И.В. Тюгинаның электрондық сауда бағыты бойынша салалық біліктілік шеңберін әзірлеу қажеттілігі туралы ұсынысы назарға алынсын.

2. Сауда комитеті «QazTrade» Сауда саясатын дамыту орталығы» АҚ мен бірлесіп «Көтерме және бөлшек сауда саласындағы қызмет» бағыты бойынша салалық біліктілік шеңбері бекітілгеннен кейін талқылау және бекіту рәсімін жүргізу үшін кәсіби стандарттардың жобаларын әзірлеу бойынша жұмысты бастасын;

3. Электрондық және биржалық сауда департаментіне Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2024 жылғы 12 шілдедегі № 281-НҚ бұйрығына сәйкес өз өкілеттіктері мен құзыреттері шегінде электрондық сауда бағыты бойынша салалық біліктілік шеңберін әзірлеу ұсынылсын.

4. Көтерме және бөлшек сауда қызметі» бағыты бойынша салалық біліктілік шеңбері жобасы бекітілсін.

5. Комиссия хатшысы А.Б. Рахметова Career.enbek.kz ақпараттық жүйесіне «Көтерме және бөлшек сауда саласындағы қызмет» бағыты бойынша салалық біліктілік шеңберін енгізуді қамтамасыз етсін.

2. «Шағын (орта) фирманың жабдықтауы», «Брендті басқару» және «Әлеуметтік желілерді басқару (SMM)» кәсіби стандарттарына қатысты»

1. А. А. Утепабаеваның кәсіби стандарттар туралы ақпараты назарға алынсын:

- «Шағын (орта) фирманың жабдықтауы»;
- «Брендті басқару»;
- «Әлеуметтік желілерді басқару (SMM)».

2. Аталған кәсіптік стандарттарда қамтылған кәсіптер «Көтерме-азық-түлік тарату орталықтарын қоса алғанда, сауда алаңы 2000 шаршы метрден (2000 шаршы метр және одан жоғары) асатын сауда объектілерінде қандай да бір нақтылаусыз тауарлардың кең ассортиментімен көтерме сауда жасау» кәсіптік стандартында көзделген кәсіптермен қайталанатынын мойындау керек.

3. «Шағын (орта) фирманы жабдықтау» кәсіби стандартының күші жойылды деп танылсын.

4. «Брендті басқару» және «Әлеуметтік желілерді (SMM) басқару» кәсіби стандарттары «Көтерме және бөлшек сауда қызметі» бағыты бойынша бекітілген салалық біліктілік шеңберінің негізінде әзірленген жаңа кәсіби стандарттар бекітілгеннен кейін күші жойылды деп танылсын.

5. Осы хаттаманың орындалуын бақылау А. А. Утепабаеваға жүктелсін.

Төраға



Ж. Ажибаева

Комиссияның хатшысы



А. Рахметова